

**"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 30/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 4990 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 03.07.2017 № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Мемлекеттік органының Үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі (бұдан әрі - **Е р е ж е**) **б е к і т і л с і н .**

2. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін **о р ы н б а с а р ы н а** **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ысқақова

Май ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 30/2 қаулысымен
бекітілді

**"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Май ауданының аумағында мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарға өз а т ы н а н т ү с е д і .

6. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

7. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Көктөбе ауылы, Абылайхан көшесі, 40.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы - "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта Майского района".

11. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі жұмыс тәртібі ережелерімен белгіленеді және ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеу керек.

"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте белгіленеді: бес күндік жұмыс аптасы сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

12. Мемлекет Май ауданының әкімдігі тұлғасында "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты Май ауданында мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және жалпы дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

18. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметінің мәні аудандық деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

19. Негізгі міндеттері:

- 1) мәдени-демалыс жұмысы, театр және музыка өнері, кітапхана және мұражай ісі ұйымдары мен кәсіпорындарының қызметін қолдау және үйлестіру жолымен аудан аумағында мәдениет саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) ауданда тұратын халықтардың тарихи-мәдени мұраны, рухани дәстүрлердің жандандыру, сақтау, дамыту және таратуын қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік тілді және ауданда тұратын халықтардың тілдерін дамыту саласындағы саясатты жүргізу;
- 4) Май ауданында бұқаралық спорт және ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз ету;
- 5) ауданның халықтың саламатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру бойынша практикалық шараларды іске асыру;
- 6) материалдық-техникалық базаны дамыту және нығайту.

20. Функциялары:

- 1) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;
- 2) ауданның сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, байқаулар, фестиваль мен конкурстар, сәндік-қолданбалы өнер көрмелердің өткізуін жүзеге асырады;
- 3) жергілікті маңызы бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 4) мемлекеттік тілдің жаппай қолдануына бағытталған шараларды қабылдайды;
- 5) мемлекеттік және өзге де тілдерді дамытуға бағытталған аудандық маңызы бар іс-шараларды өткізеді;
- 6) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;
- 7) аудан аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;
- 8) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектебінің қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, қызметтік хат-хабар алмасуын қарауды қамтамасыз етеді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетудің қол жетімділігін және сапалығын қамтамасыз етеді;
- 11) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғаммен тұрақты байланысты орнатады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімдігі атқарушы органдары мен өзге де ұйымдарының мәдениет және тіл саясат саласындағы қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша қызметін үйлестіру;

2) аудан әкімдігі, әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдарының қарастыруға мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдарынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

4) мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;

5) "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша мәжілістерді өткізу;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтары мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін ауданның өзге де атқарушы органдарымен және қарамағындағы ұйымдарымен өзара әрекеттеседі.

3. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

24. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

25. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт

бөлімі" мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастырады, оның қызметіне
б а с ш ы л ы қ т ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

2) "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін аудан әкімдігінің бекітуіне
ұ с ы н а д ы ;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және
қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы ;

4) "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі барлық қызметкерлерімен орындалуы міндетті өз құзыретіне кіретін мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар
б е р е д і ;

5) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды
ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

б) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

8) "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келешектегі және ағымдағы жұмыс
ж о с п а р л а р ы н б е к і т е д і ;

9) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік
м е к е м е с і н і ң м ү д д е с і н б і л д і р е д і ;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шараларды қолданады және осы үшін дербес жауапты болады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және
қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы ;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын көтермелеуді, оларға тәртіптік
ж а з а қ о л д а н у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

13) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт

бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға о р ы н д а й д ы .

26. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару бойынша уәкілетті органының (аудан әкімдігі атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен р е т т е л е д і .

27. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы қарым-қатынастары қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

28. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен еңбек ұжымының қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес анықталады.

4. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

29. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

30. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер е с е б і н е н қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

31. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық м е н ш і к к е ж а т а д ы .

32. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

33. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемеі қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеменің қысқартылған (таратылған) кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.

**"Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

35. "Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағында мынадай ұйымдар бар:

1) Май ауданы әкімдігінің, Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мәдениет ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) "Май орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі;

3) Май ауданы әкімдігінің, Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Май ауданының тарихи-өлкетану мұражайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4) Май ауданы әкімдігінің, Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Май ауданының балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.